

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОМИТЕТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
№4 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

09.12.2025 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы А.Өзтүрк, Факультет ОӘК төрағасы доцент ф.ғ.к П.Адиева, деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Сүинжанова, ғылым және халықаралық қатынастар ісі жөніндегі орынбасары Е.Алашбаев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Оңалбекова, «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Ж.Исаева, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі С.Бейсембаева, «Жалпы академиялық ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі Б.Турлыбеков, «Түрік филологиясы» кафедрасының меңгерушісі С.Утебеков, «Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі А.Ермекбаева, «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі М.Сейтова, факультет СМЖ жұмысына жауапты Ы.Нурмагомбетова, факультет ОӘК хатшысы Қ.Жарылқасын.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ПОҚ-дың индикативті жоспарларының орындалу барысы
2. Факультет білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайын талдау
3. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау
4. Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы
5. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау
6. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, институционалдық аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру туралы
7. 2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімін анықтау
8. Әр түрлі мәселелер

1. ПОҚ-дың индикативті жоспарларының орындалу барысы.

Бірінші мәселе бойынша ОӘК төрағасы П.Адиева кіріспе сөз алып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті. Бірінші мәселе бойынша факультет деканы А.Өзтүрк факультет ОПҚ-ның индикативті жоспарларының орындалу барысы туралы сұрады. Кафедра меңгерушілері Индикативті жоспарда жоспарланған жұмыстардың мерзімінде орындалуы керек екенін ескерткендіктерін айтты.

ШЕШІМ: ОПҚ-ның индикативті жоспарларының орындалу барысы қадағалансын. (Жауапты кафедра меңгерушілері).

2. Факультет білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайын талдау.

Комитет 2025 жылғы түлектер саны мен олардың қазіргі жұмыспен қамтылу көрсеткіштеріне қатысты деректер мен индикаторларды талдау үшін жиналды. ОӘК төрағасы П.Адиева жиналған деректерге шолу жасап, оның оқу бағдарламаларының тиімділігін бағалау және оларды еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіру үшін маңыздылығын атап өтті.

Кафедра меңгерушілері өз түлектері туралы егжей-тегжейлі статистиканы, оның ішінде жұмыспен қамту деңгейі, жұмыспен қамту салалары және одан әрі білім алуды жалғастыратын студенттердің пайыздық көрсеткішін ұсынуға шақырылды. Талқылау кейбір кафедралардың жұмыспен қамтудағы сәтті нәтижелерін көрсетіп, басқа салалардағы түлектерді тиісті жұмыс орындарымен байланыстыруда кездесетін қиындықтарды анықтады. Оқытушылар түлектерді жұмысқа орналастыру көрсеткішін жақсарту үшін салалар мен ұйымдармен ынтымақтастықты күшейту қажеттігін атап өтті.

Талдау сондай-ақ еңбек нарығында нақты дағдыларға сұраныс пен түлектер ең көп жұмыс табатын секторлар сияқты кең ауқымды үрдістерді қамтыды. Комитет деректердің дәлдігі мен сенімділігін қарастырып, болашақ түлектер үшін деректерді жинау әдістерін жетілдіруді ұсынды, бұл түлектердің нәтижелерін дәлірек көрсетуге мүмкіндік береді.

Алынған ақпарат негізінде комитет түлектердің жұмыспен қамтылуын жақсартуға бағытталған стратегияларды жүзеге асыруға келісті, мысалы, тағылымдамаларды кеңейту, жұмысқа орналасу жәрмеңкелерін ұйымдастыру және мансаптық кеңес беру сессияларын ұсыну.

2024-2025 оқу жылындағы түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәлімет

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы талаптарының 53-тармағына сәйкес	ЖЖОКБҰ кадрларды даярлау бағыты бөлінісінде бітіру жылы ішінде бітірушілердің кемінде 50%-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді. Бұл ретте, ЖЖОКБҰ түлектеріне құрылған жұмыс орындарының санына мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда жоғары оқу орны бітірушілердің кемінде 50%-ын кадрларды даярлау бағыты бөлінісінде бітіргеннен кейінгі екі жыл ішінде жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді.
2. ЖЖОКБҰ-ның білім беру қызметіне қойылатын іліктілік талаптарын және кадрға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 бұйрығы талаптарының 19-өлшемшартына сәйкес	Бакалавриат деңгейі бойынша түлектерді кадрларды даярлау бағыты бойынша жұмысқа орналастыру, бұл ретте бітірген жылы ішінде кадрлар даярлау бағыты бойынша түлектердің жалпы санына шаққанда жұмысқа орналастырылғандардың үлесі - кемінде 50%, оның ішінде кемінде <u>3 (үш) ай үздіксіз</u> еңбек қызметімен қамтамасыз етілуі – кемінде 50% ("Педагогикалық ғылымдар", "Құқық" кадрларды даярлау бағыты үшін – кемінде 60%, "Денсаулық сақтау" кадрларды даярлау бағыты үшін – кемінде 80%). Бұл ретте жұмысқа орналастырылған түлектердің санына екінші жоғары білім беру бағдарламалары бойынша, күндізгі оқу нысаны бойынша, резидентурада немесе магистратурада немесе докторантурада оқуды жалғастырған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына әскери қызметке шақырылған

	түлектер, 3 (үш) жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша демалыста жүрген адамдар кіреді. Біліктілік талаптарына сәйкестікті растау үшін жұмыс орнынан растайтын құжаттардың көшірмелері болуы тиіс.
3. Университеттің 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарла-масына сәйкес	2025 ж. – 82,5%

Білім беру бағдарламалары	2025 жылғы түлектердің саны мен жұмысқа орналасуы туралы мәліметтері және көрсеткіштері					
	жалпы саны	жұмысқа орналасқандар	оқуын жалғастырығандар	бала күтімінде / әскерде / мүгедек	шетел азаматтары	құжаттармен %-дық көрсеткіш
1. 6B01716-Қазақ тілі мен әдебиеті	40	27		5	1	82,05
2. 6B01717-Орыс тілі мен әдебиеті	27	12	2	3	2	68
3. 6B01718-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-қытай)	30	8	8	1	-	56,66%
4. 6B01719-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-түрік)	124	53	16	6	5	63,02%
5. 6B01764-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	27	15	2	4		77,8
6. 6B02332 Шетел филологиясы (ағылшын тілі)	12	4	1		5	71,4
7. 6B02333-Шетел филологиясы: түрік тілі	4	2			2	100

8. 6B02335- Аударма ісі: ағылшын тілі	43	16	3	4	1	54,8	
9. 6B02336- Филология: қазақ филологиясы	15	8	3			73,3	
Факультет бойынша	322	145	5	3	23	16	58,58

Білім беру бағдарламалары	2025 жылғы түлектердің саны мен жұмысқа орналасуы туралы мәліметтері және көрсеткіштері								пайыздық көрсеткіш, %
	жалпы саны	жұмысқа орналаcқан	оқуын жалғастырған	әскерде	бала күтімінде	шетел азаматтары	мүгедектер	жұмыссыздар	
7M01708- Шетел тілі: екі шет тілі	23	19	-	-	1	-	-	5	83,33%
7M01737- Қазақ тілі мен әдебиеті	3	3	-	-	-	-	-	-	100%
7M01738- Орыс тілі мен әдебиеті	4	4	-	-	-	-	-	-	100%
7M02313- Шетел филологиясы: ағылшын тілі	1	-	-	-	1	-	-	-	100%

ШЕШІМ: Бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуына ықпал ету мақсатында іс-шаралардың жол картасы әзірленсін және оны іске асыру назарға алынсын.

3. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау

ОӘК төрағасы доцент ф.ғ.к П.Адиева студенттердің қорытынды асптестаттау комиссиясының төрағалары мен мүшелерінің ұсынылған тізімін таныстырды. Факультет деканы А.Өзтүрк комиссия құрамының әділ және жан-жақты бағалау жүргізу үшін білікті оқытушылардан жасақталуының маңыздылығын атап өтті.

Кафедра меңгерушілері кандидаттардың кәсіби біліктілігі мен комиссия жұмысының сәйкестігіне қатысты пікір білдіріп, ұсыныстарын жеткізді. Талқылау нәтижесінде комиссия мүшелерінің түпкілікті тізімі бекітілуге ұсынылды.

6B02336 - Филология: қазақ филологиясы, 6B01716 - Қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01737-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары (546+1м=55)

№	Толық аты-жөні	Ғылыми дәрежесі, атағы/санаты	Қызметі	Жұмыс орны	Бейіні бойынша біліктілігі
1.	Боранбаев Сандыбай Режепұлы	ф.ғ.д., профессор	Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар ғылыми зерттеу институтының директоры	Шымкент қаласы. М.Әуезов атындағы ОҚУ «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» ғылыми зерттеу институтының директоры, Филология факультеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессоры	Тіл мен әдебиеті

6B01717-Орыс тілі мен әдебиеті, 6B01764 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, 7M01738 - Орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламалары (406+1м=41)

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі, атағы	Қызметі	Жұмыс орны	АК қызметі
1	Калдыгозова Сандугаш Еркинбековна	П.ғ.к.	Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а.	М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	Комиссия төрағасы

6B01718 – Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және қытай), 6B01719-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын және түрік), 7M01708 – Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламалары (1696+15м=191)

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі, атағы	Қызметі	Жұмыс орны	АК қызметі
---	----------	------------------------	---------	------------	------------

1.	Акешова Мадина Мурзахановна	PhD	Тіл мектебінің қауымдастырылған профессоры	Халықаралық туризм және меймандостық университеті	Комиссия төрағасы
----	-----------------------------	-----	--	---	-------------------

6B02332 - Шетел филологиясы: ағылшын тілі(ФАФ-211А,Б-23), 6B02335-Аударма ісі: ағылшын тілі (59 б.)

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі, атағы	Қызметі	Жұмыс орны	АК қызметі
1.	Шойманова Молдир Балгабаевна	ф.ғ.к.	Кафедра меңгерушісі	«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институтының «Қоғамдық-гуманитарлық бағыты» бойынша	Комиссия төрағасы

6B02333 - Шетел филологиясы: түрік тілі, 6B02267 Түркітану, 7M02212-Түркітану білім беру бағдарламалары (46б+2м=48)

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі, атағы	Қызметі	Жұмыс орны	АК қызметі
1.	Байниязов Аябек Жандарбекович	Ф.ғ.к	Доцент	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті Филология факультеті Ағылшын тілі кафедрасы	Комиссия төрағасы

ШЕШІМ: Студенттерді қорытынды аттесттау комиссиясының төрағалары мен мүшелері бекітілсін. (Жауапты кафедра меңгерушілері).

4. Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы.

Оқу жылы барысында өткізілген ашық сабақтар мен өзара сабаққа ену байқауларының мониторинг нәтижелері қарастырылып, олардың оқыту сапасын арттырудағы рөлі талқыланды.

Кафедра меңгерушілері негізгі қорытындылар бойынша есеп беріп, табысты оқыту әдістері мен жетілдіру қажет бағыттар туралы пікір білдірді. Талқылау барысында үздік тәжірибелерді тарату, әдістемелік семинарлар өткізу және оқытушылар арасындағы кәсіби ынтымақтастықты тарату, нығайту мәселелері көтерілді.

ШЕШІМ: Ашық сабақтар мен өзара сабаққа ену мониторингінің нәтижелері мақұлданып. Кафедралар үздік педагогикалық тәжірибелерді тарату және алынған қорытындылар кезінде оқыту сапасын жақсарту жұмыстарын жалғастырады. (Жауапты кафедра меңгерушілері).

5. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау.

Факультет ОӘК төрағасы П.Адиева білім беру бағдарламаларына енгізілген инновациялық оқыту әдістері мен технологиялары бойынша мониторинг нәтижелерін таныстырып, олардың студенттердің белсенділігін арттырудағы маңызын атап өтті.

Кафедра меңгерушілері қолданыстағы әдістердің тиімділігін қарастырып, цифрлық құралдарды кеңінен пайдалану және интерактивті оқыту тәсілдерін жетілдіру қажеттігін айтты. «Жалпы академиялық ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі Б.Турлыбеков онлайн платформалардың мүмкіндіктерін кеңейтуге назар аудару керектігін ұсынды, ал «Түрік филологиясы» кафедрасының меңгерушісі С.Утебеков студенттердің практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған әдістерді күшейту қажеттігін атап өтті.

ШЕШІМ: Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері мақұлданып. Кафедралар замануи жетілдіру жұмыстарын жалғастырады. (Жауапты кафедра меңгерушілері).

6. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, институционалдық аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру туралы.

Білім беру бағдарламаларының аккредиттеу нәтижелері таныстырылып, негізгі қорытындылар ортаға салынды. Талқылау барысында аккредиттеу стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету, білім беру сапасын жетілдіру және пост-мониторингтік іс-шараларды ұйымдастыру, қажеттігі атап өтілді.

Кафедра меңгерушілері аккредиттеу бағалауының нәтижелерін қарастырып, оң тұстар мен жетілдіруді қажет ететін бағыттарды белгіледі. Оқытушылардың біліктілігін арттыру, оқу бағдарламаларын жаапту және әкімшілік өзгерістер енгізі бойынша нақты ұсыныстар жасалды.

ШЕШІМ: Білім беру бағдарламаларының аккредиттеу, нәтижелерін талдау және институционалдық аккредиттеу бойынша пост-мониторингтік іс-шараларды ұйымдастыру бекітілсін.

7. 2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімін анықтау

Мәжілісте 2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім грантын бөлуге дайындық мақсатында университеттің ақпараттық картасына енгізілетін білім беру бағдарламаларының тізімі ұсынылды. Бағдарламалардың ұлттық білім беру басымдықтарына сәйкестігі ерекше назарға алынды.

Факультет деканы А.Өзтүрк университеттің стратегиялық даму бағыттарына сәйкес білім беру бағдарламаларының өзектілігін қарастыру қажеттігін айтты. Деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Сүйінжанова кафедралар ұсынған оқу бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын талдаудың маңыздылығына тоқталды.

Кафедра меңгерушілері өз салалары бойынша ұсынылған бағдарламаларға қатысты пікір білдірді, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі С.Бейсембаева гуманитарлық бағыттағы бағдарламаларға сұранысты атап өтсе, «Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі А.Ермекбаева шетел тілдеріне қатысты оқу бағдарламаларының еңбек нарығына сәйкестігін күшейту керектігін айтты. «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі М.Сейтова білім беру саласына бағытталған бағдарламалардың педагогикалық талаптарға сай болуын қарастыруды ұсынды.

Талқылау нәтижесінде ұсынылған білім беру бағдарламалары қаралып, бекітуге ұсынылды.

ШЕШІМ: 2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім грантын бөлуге дайындық мақсатында университеттің ақпараттық картасына енгізілетін білім беру бағдарламаларының тізімі бекітілсін. (Жауапты кафедра меңгерушілері).

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы

Оқу-әдістемелік комитет хатшысы



П.Адиева

Қ.Жарылқасын